


**ШЕРХАН МҰРТАЗА АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТІ**

«БЕКІТЕМІН»

Шерхан Мұртаза атындағы
Халықаралық Тараз
университетінің ректоры,
п.ф.д., профессор


_____ М.Сарыбеков
«26» _____ 11 _____ 2025 ж




**СТУДЕНТТЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ
БОЙЫНША РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КОНКУРСТЫ
ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

СМЖ Е 4-2-9-2023

Қызметтік пайдалануға арналған басылым


Тараз 2025 ж

 ITU <small>SHIRKISHAN MURTAZA</small> UNIVERSITY	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті	Е 4-2-10-2023
	Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік- конструкторлық жұмыстарын ұйымдастыру ережесі	СМЖ «Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар» ҮК ҚҮ 17-2023

АЛҒЫ СӨЗ


1. **Әзірлеген** - Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасының басшысы Д.Д. Сәтбеков
2. **Келісілді:**
 - Стратегия, ғылым-инновация және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор А.Е. Қудайбергенов
 - Сапа, аккредиттеу және рейтинг басқармасының басшысы Б.Қ. Жундибаева

3. «Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті» мекемесінің Ғылыми кеңесінің 26 .11. 2025 ж. № 4 хаттамасымен бекітілді.

	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті	Е 4-2-9-2023
	Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша республикалық конкурсты ұйымдастыру және өткізу туралы ереже	СМЖ «Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар» ҰҚ ҚҰ 17-2023

Мазмұны

1. Жалпы ережелер.....	4
2. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша республикалық конкурсты ұйымдастыру және өткізу.....	4
3. Жұмысты қарау және бағалау тәртібі.....	6
4. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша республикалық конкурстың жеңімпаздарын марапаттау тәртібі	7
5. Келісу парағы	12
6. Өзгерістер енгізу парағы	13


	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті	Е 4-2-9-2023
	Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша республикалық конкурсты ұйымдастыру және өткізу туралы ереже	СМЖ «Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар» ҮК ҚҮ 17-2023

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. Бұл Ереже Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының студенттері арасындағы ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша республикалық конкурсты (әрі қарай – «СҒЗЖ Конкурсы») «Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінде» (әрі қарай – «Университет») ұйымдастыру және өткізу жалпы тәртібін анықтайды.
- 1.2. СҒЗЖ конкурсының негізгі мақсаттары мен міндеттері:
- 1) студенттерді ғылыми-зерттеу және оқу-танымдық бағытта ынталандыру;
 - 2) дарынды студенттерді іріктеу және қолдау;
 - 3) Қазақстан Республикасының зияткерлік әлеуетін қалыптастыруға жәрдемдесу болып табылады.
- 1.3. СҒЗЖ республикалық конкурсы 3 кезеңде өткізіледі:
- 1) бірінші кезең - ЖОО ішіндегі;
 - 2) екінші кезең - Базалық ЖОО-да (ОӘК);
 - 3) үшінші (қорытынды) кезең – республикалық.
- 1.4. I кезеңді (ЖОО ішіндегі) өткізу мерзімі ЖОО ректорының бұйрығымен бекітіледі. II кезеңді (ОӘК базалық ЖОО-да) өткізу мерзімдері — ҚР ҒЖБМ ұсынымдарына сәйкес. III кезеңді (республикалық) өткізу мерзімдері — ҚР ҒЖБМ тарапынан айқындалады.
- 1.5. СҒЗЖ конкурсына Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындарының студенттері мен студенттік ұжымдары қатыса алады.
- 1.6. СҒЗЖ конкурсына студенттердің өздігінен орындалған, толық аяқталған ғылыми-зерттеу жұмыстары ұсынылады, олар ғылымның басым бағыттары мен өзекті мәселелеріне сәйкес болуы тиіс.
- 1.7. СҒЗЖ конкурсының жалпы әдістемелік, ұйымдастырушылық және ақпараттық қамтамасыз етілуі Ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар басқармасы (бұдан әрі – «Басқарма») мен Университет факультеттері арқылы жүзеге асырылады.

2. СТУДЕНТТЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КОНКУРСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ

- 2.1. СҒЗЖ конкурсын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі жалпы басшылықты факультеттер жүзеге асырады.
- 2.2. Конкурстық комиссияның төрағасы Университеттің Стратегия, ғылым-инновация және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор болып табылады.
- 2.3. Конкурстық комиссияның құрамы жыл сайын Ректордың бұйрығымен бекітіледі.
- 2.4. Университет Ректоры СҒЗЖ конкурсын өткізу мерзімдері мен бағыттары туралы шешім қабылдайды, тиісті ақпарат Университеттің ресми сайтында орналастырылады.
- 2.5. СҒЗЖ конкурсына ұсынылған жұмыстарды бағалауды, сондай-ақ конкурс қорытындыларын шығаруды Конкурстық комиссия жүзеге асырады.
- 2.6. Республикалық СҒЗЖ конкурсының университетішілік кезеңіндегі Конкурстық комиссияның құрамы кемінде үш мүшеден тұруы тиіс, оның ішінде: ғылыми дәрежесі бар бір төраға, оның орынбасары жәйе хатшы.
- 2.7. Әрбір бағыт бойынша конкурстың екінші кезеңіндегі Конкурстық комиссияның құрамы 3-тен 9 адамға дейін болуы тиіс, оның ішінде төраға, оның орынбасары, хатшы,

 ШЕРХАН МҰРТАЗА UNIVERSITY	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті	Е 4-2-9-2023
	Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша республикалық конкурсты ұйымдастыру және өткізу туралы ереже	СМЖ «Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар» ҮК ҚҮ 17-2023

сондай-ақ жетекші ғылыми ұйымдардың, кәсіпорындардың және жергілікті атқарушы органдардың өкілдері кіреді.

Конкурстық комиссия мүшелері Университетте СҒЗЖ конкурсының II кезеңіне қатысатын студенттер мен студенттік командалардың ғылыми жетекшілері болмауы тиіс. СҒЗЖ конкурсының II кезеңінде Конкурстық комиссия тиісті бейіндегі ғалымдардың қатысуымен секциялар ұйымдастыруға, сондай-ақ жекелеген жоғары оқу орындарына, кафедраларға және жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдардың мамандарына жұмыстарды қарауды тапсырып, кейіннен Конкурстық комиссияға рецензиялар ұсынуды ұйымдастыруға құқылы.

2.8. СҒЗЖ конкурсының I кезеңіне Университет студенттері ғылымның басым бағыттары бойынша ғылыми жетекшінің ұсынуы негізінде қатыса алады.

2.9. Ректор бұйрығымен бекітілген ЖОО-ның конкурстық комиссиясы СҒЗЖ (ЖОО ішіндегі) конкурсының I кезеңінің қорытындысы бойынша Конкурстың II кезеңіне қатысу үшін ЖОО студенттерінің үздік ғылыми-зерттеу жұмыстарын конкурстық негізде іріктейді және базалық ЖОО-ның ОӘК-не жібереді.


2.10. Конкурстың II кезеңіне қатысу үшін студенттердің ғылыми жұмыстарын ұсынған кезде жоғары оқу орны базалық ЖОО-ға конкурстың тиісті бөлімі бойынша мынадай құжаттарды жібереді:

- 1) ғылыми жұмыс;
- 2) ғылыми жұмыстың аннотациясы (1-қосымша);
- 3) орындалған жұмыстың дербестік дәрежесі туралы ғылыми жетекшінің пікірі (еркін нысанда);
- 4) автор (авторлар) және ғылыми жетекші туралы мәліметтер (2-қосымша);
- 5) конкурстың бірінші кезеңінің қорытындылары туралы ректордың

(проректордың) қолы қойылған хат немесе жұмысты конкурсқа ұсыну туралы ЖОО Ғылыми кеңесінің шешімі (хаттама түрінде); (3-қосымша).

2.11. СҒЗЖ конкурсының II кезеңінің бөлімдері бойынша жоғары оқу орны студенттерінің ғылыми жұмыстары міндетті түрде сыртқы ұйымдарда рецензиялаудан өтеді. Аталған рецензиялар Конкурстық комиссияның есебіне қоса тіркеледі.

2.12. СҒЗЖ конкурсына студенттердің ғылыми жұмыстарының бірінші даналары ұсынылады. Жұмыстар электрондық түрде бір жарым жоларалық интервалмен теріліп, үш тілдің бірінде (қазақ, орыс немесе ағылшын) рәсімделуі тиіс. Жұмыстың атауы міндетті түрде үш тілде көрсетілуі қажет. Жұмыстың көлемі 20–40 беттен аспауы тиіс. СҒЗЖ конкурсының II кезеңі бөлімдері бойынша жұмыстар көлемін ұлғайтуға қатысты шектеулер базалық жоғары оқу орындары тарапынан өзгертілуі мүмкін. Макеттер мен табиғи үлгілерді (экспонаттарды) ұсынуға жол берілмейді. Жұмысқа қоса берілетін сызбалар мен иллюстрациялар (бар болған жағдайда) стандартты өлшемдегі парақтарда жинақталуы тиіс. Рефераттық сипатта жазылған жұмыстар қарастырылмайды. Конкурстық жұмыстар плагиатқа тексеріледі. Ғылыми жұмысқа ғылыми зерттеу нәтижелерін енгізу туралы актілер (актілердің көшірмелері), патенттердің көшірмелері, ғылыми мақалалар қоса берілуі мүмкін. Дипломдық және курстық жұмыстар мен жобалар, егер оларда ғылыми жаңалық болса немесе олардың нәтижелерін өндірісте және/немесе оқу үдерісінде енгізу көзделсе, СҒЗЖ конкурсына ұсынылуы мүмкін.

 ITU ШЕРХАН МҰРТАЗА UNIVERSITY	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті	Е 4-2-9-2023
	Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша республикалық конкурсты ұйымдастыру және өткізу туралы ереже	СМДЖ «Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар» ҮК ҚҮ 17-2023

2.13. Автор (авторлар) және ғылыми жетекші (жетекшілер) туралы мәліметтер, сондай-ақ ашық конкурстың бірінші кезеңінің қорытындылары туралы Ректордың немесе Стратегия, ғылым-инновациялар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректордың қолы қойылған хат немесе жоғары оқу орнының Ғылыми кеңесінің конкурсына ұсыну туралы шешімі бөлек, мөрленген конвертте ұсынылады. Егер жұмыс авторлық ұжыммен орындалған болса, авторлар тізімі олардың жеке үлесіне сәйкес беріледі.

2.14. Осы Ережеде белгіленген талаптарды бұза отырып ұсынылған жұмыстар болған жағдайда, Конкурстық комиссия мұндай бас тарту себептерін көрсете отырып, жұмысты қабылдамауға құқылы.

2.15. Конкурстық комиссия шешімді комиссия құрамының кемінде үштен екісі (2/3) қатысқан жағдайда ашық дауыс беру арқылы көпшілік дауыспен қабылдайды. Дауыстар тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

2.16. Студенттердің үздік ғылыми жұмыстарын СҒЗЖ конкурсының III кезеңіне ұсыну кезінде базалық жоғары оқу орны ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің (МНВО РК) республикалық комиссиясына конкурстың тиісті бөлімі бойынша Конкурстық комиссия отырысының хаттамасынан үзіндіні (4-қосымша) барлық комиссия мүшелерінің қолдарымен жолдайды.

2.17. Хаттамадан үзіндімен бірге базалық жоғары оқу орнының Конкурстық комиссиясы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің республикалық комиссиясына келесі материалдарды ұсынады:

- 1) конкурс қорытындылары бойынша толтырылған деректер базасы бар электрондық файл;
- 2) дипломдармен марапаттауға ұсынылған базалық жоғары оқу орны студенттерінің жұмыстарына сыртқы ұйымдардың рецензиялары;
- 3) ғылыми бөлімнің конкурстық жұмыстарының мазмұны мен тақырыбы бойынша қысқаша аналитикалық материал.


3. ЖҰМЫСТАРДЫ ҚАРАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ ТӘРТІБІ

3.1. СҒЗЖ конкурсына ұсынылған барлық жұмыстарға сараптама Университет Ректорының бұйрығымен бекітілген Конкурстық комиссия тарапынан жүргізіледі.

3.2. Конкурстық комиссия жұмыстарды қарайды, талқылайды және келесі өлшемдер бойынша бағалайды (қажет болған жағдайда тәуелсіз сарапшылар тартылады):

- конкурстық жұмыстың СҒЗЖ конкурсының тақырыбына және ғылымды дамытудың басым бағыттарына сәйкестігі;
- тақырыпты ашу қабілеті, жүйелі ойлау деңгейі;
- ғылыми жаңалығы және практикалық маңыздылығы;
- шығармашылық көзқарас пен өзіндік ерекшелігі;
- эксперименттің немесе эмпирикалық зерттеудің болуы, оны өңдеу, талдау және интерпретациялау сапасы;
- ғылыми және/немесе әлеуметтік міндеттерді шешуге бағытталған практикалық ұсынымдар немесе практикалық шешімдердің болуы;
- жазу стилі мен сауаттылығы.

3.3 Жұмыстарды бағалау нәтижелері Конкурстық комиссия мүшелері тарапынан хаттама түрінде рәсімделеді және комиссия төрағасы мен мүшелері қол қояды. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

 ШЕРХАН МҰРТАЗА UNIVERSITY	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті	Е 4-2-9-2023
	Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша республикалық конкурсты ұйымдастыру және өткізу туралы ереже	СМЖ «Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар» ҮК ҚҰ 17-2023

4. СҒЗЖ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КОНКУРСЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫН МАРАПАТТАУ ТӘРТІБІ

4.1. I кезеңнің жеңімпаздары Конкурс комиссиясының шешімі бойынша дипломдармен, ақшалай сыйлықтармен және құнды сыйлықтармен марапатталады:

- 1 орын (бір жұмыстан аспайтын) – I дәрежелі диплом
- 2 орын (екі жұмыстан аспайтын) – II дәрежелі диплом
- 3 орын (үш жұмыстан аспайтын) – III дәрежелі диплом


4.2. Конкурс нәтижелері Университеттің ресми сайтында және әлеуметтік желілердегі беттерінде жарияланады.

4.3. II кезеңнің қорытындысы бойынша Конкурс комиссиясы әр бөлім бойынша жеңімпаздарды келесі тәртіппен марапаттауға ұсына алады:

- 1 орын үшін – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің I дәрежелі дипломы (бір жұмыстан аспайды);
- 2 орын үшін – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің II дәрежелі дипломы (екі жұмыстан аспайды);
- 3 орын үшін – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің III дәрежелі дипломы (үш жұмыстан аспайды).

4.4. II кезеңнің қорытындысы бойынша үздік жұмыстарды Конкурс комиссиясының барлық мүшелерінің қолы қойылған хаттамасы негізінде III кезеңге жолданады. III кезең нәтижесі бойынша бірінші орын алған таңдаулы жұмыстар студенттердің халықаралық ғылыми жобалар конкурсына ұсынылады.

4.5. Конкурсқа ұсынылған студенттердің ғылыми жұмыстары қайтарылмайды.

	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті	Е 4-2-9-2023
	Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша республикалық конкурсты ұйымдастыру және өткізу туралы ереже	СМЖ «Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар» ҰК ҚҰ 17-2023

Қосымша 1


Ғылыми жұмыс аннотациясы

1. Аталуы
2. Ғылыми-техникалық ақпараттың мемлекеттік рубрикаторы
3. ЖОО
4. Жұмыстың аяқталу жылы
5. Жұмыс көлемі: _____ б.
6. Қосымша саны: _____
7. Иллюстрациялар саны: _____
8. Кестелер саны: _____
9. Әдебиет көздерінің саны: _____

Жұмыстың сипаттамасы:

1. Ғылыми жұмыстың мақсаты –
2. Жүргізілген зерттеу әдістері –
3. Ғылыми зерттеудің негізгі нәтижелері (ғылыми, практикалық) –
4. Ғылыми нәтижелерді пайдалану туралы құжаттардың болуы (иә, жоқ) –

(Автордың қолы)

 ENERIKHAN MURTAZA UNIVERSITY	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті	Е 4-2-9-2023
	Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша республикалық конкурсты ұйымдастыру және өткізу туралы ереже	СМЖ «Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар» ҮК ҚҰ 17-2023

Қосымша 2

**СҒЗЖ байқауына ұсынылған жұмыстың авторы
және ғылыми жетекшісі туралы
МӘЛІМЕТТЕР**

1. Автордың/авторлардың аты-жөні (Т.А.Ә.):
2. Ғылыми жетекшінің аты-жөні (Т.А.Ә.):
3. Жоғары оқу орнының атауы:
4. Дайындық бағыты (мамандығы):
5. Автор(лар)дың үй мекенжайы:
6. Автор(лар)дың телефоны:

Ректор

(қолы)


М.Н. Сарыбеков

Ғылыми жетекші

(қолы)

Жұмыстың авторы

(қолы)

	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті	Е 4-2-9-2023
	Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша республикалық конкурсты ұйымдастыру және өткізу туралы ереже	СМЖ «Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар» ҮК ҚҰ 17-2023

Қосымша 3

**«Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті» мекемесінің
ҒЗЖ бойынша конкурстық комиссиясының
ХАТТАМАСЫ**

ҒЗЖ конкурстық комиссиясы Университет Ректорының ___/___/202__ жылғы
№ ___ бұйрығымен ___ адам құрамында бекітілді.
Комиссия отырысына _____ адам қатысты.


_____ жылғы ҒЗЖ конкурсына _____ жұмыс түсті (_____ студент, _____ ғылыми жетекші).

Студенттердің ғылыми жұмыстарын қарастыра отырып,
ЖОО конкурстық комиссиясы марапаттауға ұсыну туралы шешім қабылдады:

1. I дәрежелі Министрлік дипломдарымен _____ жұмыс
2. II дәрежелі Министрлік дипломдарымен _____ жұмыс
3. III дәрежелі Министрлік дипломдарымен _____ жұмыс
4. ЖОО-дың ақшалай сыйлықтарымен _____ жұмыс (болған жағдайда)

Бұдан әрі автор (авторлар), жоғары оқу орны, ғылыми жетекші көрсетілген жұмыстардың тізбесі келтіріледі.

Конкурстық комиссияның төрағасы	_____	А.Е. Кудайбергенов
Төрағаның орынбасары	_____	Д.Д. Сәтбеков
Конкурстық комиссияның хатшысы	_____	Н.Н. Мағауия
Комиссия мүшелері	_____	А.А. Атақожаева
	_____	У.К. Сманова
	_____	С.Ө. Мұсабеков
	_____	Г.М. Жантаева
	_____	А.Я. Мусаева

 ITU SHEKHAN MURTAZA UNIVERSITY	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті	Е 4-2-9-2023
	Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша республикалық конкурсты ұйымдастыру және өткізу туралы ереже	СМЖ «Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар» ҮК ҚҮ 17-2023

Қосымша 4

СҒЗЖ конкурстық комиссиясының
 _____ базалық ЖОО бойынша
 _____ бөлімі бойынша
ХАТТАМАСЫ

_____ бөлімі бойынша СҒЗЖ конкурстық комиссиясы
 базалық жоғары оқу орны ректорының ___/___/202__ ж. №_____ бұйрығымен
 _____ адам құрамында бекітілді.

Комиссия отырысына _____ адам қатысты.

_____ жылғы _____ бөлімі бойынша СҒЗЖ конкурсына
 _____ жоғары оқу орнынан студенттердің _____ ғылыми жұмысы түсті.

Студенттердің _____ ғылыми жұмыстарын _____ қарастыра отырып,
 базалық жоғары оқу орнының _____ конкурстық комиссиясы
 марапаттауға ұсыну туралы шешім қабылдады:

1. I дәрежелі Министрлік дипломдарымен _____ жұмыстар
2. II дәрежелі Министрлік дипломдарымен _____ жұмыстар
3. III дәрежелі Министрлік дипломдарымен _____ жұмыстар
4. ЖОО-дың ақшалай сыйлықтарымен _____ жұмыстар (болған жағдайда)

Бұдан әрі автор (авторлар), жоғары оқу орны, ғылыми жетекші көрсетілген жұмыстардың тізбесі келтіріледі.

Конкурстық комиссияның төрағасы _____

Төрағаның орынбасары _____


Конкурстық комиссияның хатшысы _____

Комиссия мүшелері _____


**Ғылыми жұмыстар және халықаралық
 байланыстар басқармасының басшысы**



Д.Д. Сәтбеков

 ITU <small>SHERKHAN MURTAZA</small> UNIVERSITY	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті	Е 4-2-9-2023
	Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша республикалық конкурсты ұйымдастыру және өткізу туралы ереже	СМЖ «Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар» ҮК ҚҮ 17-2023

5. КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

Қызметі	Аты-жөні	Қолы	Күні
Келісілді:			
Стратегия, ғылым-инновация және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры	А.Е. Кудайбергенов		
Сапа, аккредиттеу және рейтинг басқармасының басшысы	Б.К. Жундибаева	